

• НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Мемлекетіміз тауелсіз ел болып, әлемдік қауымдастықта беделге ие болды. 25 жылда барлық салаларда реформалар жасалынып, тиімді шараптар мен мүмкіндіктер жүзеге асырылып келеді. Қазіргі кезенде рухани салада көптеген өзгөрістер мен дамулар орын алада. Тәуелсіздікке ие болғаннан бері еліміз жаһандық үрдістердің зандаудылығына қадам басты.

# **БАСТЫ МЕНДЕТ - ЖАСТАРДЫН ДЕНІ САУАТЫҢЫҢ АРТЫРУ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның екіндері үшін тұған шаңырағына айналды. Азamatтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпшілдік еліміздегі татулық пән келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесін әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнкітису орталығына айналды», - деп көрсетті. Мұндай тыныштық күй мен тұрақтылықты еліміздегі кейбір теріс діліп ағымдар астана-кестенің шыгарғысы қелетіні белгілі. Қазақстаңдағы экстремизм мен терроризмде идеялық емес, қылмыстық негіз бар. Жалған діни көрімеліліктің артында қоғамның негізін күл-талқан еткісі келетін қылмыстық топтар мен іс-әрекеттер жасырынып жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашада «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: есү, реформалар, даму» атты Жолдаудың жариялады. Жолдаудың маныздыштығы – әлемді дүрсілкіндіріп отырын терроризммен құресуді басты мақсат етіп қойды. Дүние жүзі мемлекеттерінде бұл қатер аса қауіпті мәсслелердің бірі болып отыр. Елбасы Н.Назарбаев: «Бүгінде халықаралық терроризм әлемге елеулі қатер төндіріп тұр», - деп атап көрсетті. Терроризм кеңтеген егemen мемлекеттердің ішкі тұрктылығының, тыныштығын бұзуда. Соңдықтан жаһандану процесі экстремизм мен терроризм қаупін күшайтеді түсінде. Бұл қатерлерге ұлттық денгейде, яғни әр мемлекет аумағында тоқсаяуыл қойып, қурсу керек. Қазіргі кезде актараптар мен идеологиялық үрдістерде ешқандай шекара жоқ екенін ескеруіміз қажет. Соңдықтан қатерді дер кезінде айқындалған олармен құресу, тұжырымдауға мүмкіндік беретін болжамдық-талдамалық қызметтің тиімділігін арттыру – мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздік жүйесі қызметінін басты бағыттарының бірі. Еліміздің тыныштығы – ең асыл қазына!

Терроризм неден туындаиды? Ол діни сауатсыздыктан, дұрыс емес ақпараттардың берілуінен, саңаның улануынан туындаиды деп есептейміз. Бұл сұрақтарға еткей-төгжелі жауап беру үшін келесі негізгі түсініктерді анықтап алынымыз керек:

Біріншіден, экстремизм - саясаттағы шеткі көзқарастар мен шарапарды ұстану. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсекізарлыққа бейімдлелген көзқарасынан пайда болады. Экстремизмнің тарғы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбек немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады.

Екіншіден, терроризм - саяси максатты сылтаура-  
тып күш қолдану «Террор» үгімі қазіргі әдебиеттерде  
диктаторлық немесе тоталитарлық жүйенің өз азаматтары-  
на қатысты күш қолдану және үрел туғызу саясатын сипат-  
тауда қолданылады.

Ушіншіден, терроризм актісі – жарылыс жасау, ерт кою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мұліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті зардаптар туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, қоғамдық қауіпсіздікти бұзу және халыкты үрэйлендіру.

Төртіншіден, секта сезі латынның «sekta» сезінен шықкан, алғашқыда ол екі мәғынада қолданылды: біріншісі – бір заттың белгі де, екінші мәғынасы – сана образы, оку дегенді билдіреді. Бұл сез «secare»- кесіп тастау (бүтіннің белгігі) және «sequi» – ізінде түсү (кандай болсын оқудың артынан ілесу) сездерімен мәғыналас. Және бұл сездердің

көрініс табу сипатына лайық «тоталитарлық секта» - дегенде үфым колданылды.

Біріншіден, 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» ЗАң қабылданды. Бұл құжат діни бірлестіктер заңнама шеңберінен шықпаган жағдайда мемлекет тарауынан олардың ісіне қол сұтылмайтынығына кепілдік берді. Тәуелсіздік алыш, өзінің дербес мемелекеттік ұсташымын корсетіп, бүкіл елемге күшагын кең жайған, діни сенім бостандығын іс жүзінде көрсеткен Қазақстанның дархан саясатын пайдаланып, түрлі діни керагар ағымдар мен секталар елімізге ағылды. Бұл азamatтырымыздың, әсіресе, жастарымыздың санаасын улап, бұрыс жолға түсүне себеп-кер болды. Діни экстремизм мәселесі бой көтерді. Үтгінде өзге дәстүрлі діндер былай тұрсын, ислам дінін өзінен тарадық дейтін көптеген ағымдар мен үйімдар қоғамдық, мемлекеттік мәселелеге айналды. Бұл елімізге әртүрлі діни үйімдар мен ағымдардың енүіне мүмкіндік берді. Түрлі радикалды ағымдар қауцуктілігінде көтергендерге бастаған сәтте 2011 жылы 11 казанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ЗАң қабылданып, әрекет етуші заңсыз керегар ағымдардың қызмет етуіне тыйым салынды. Бұл заң талаптарды күшайте түсті. Осы кезге дейінгі уақытта түрлі ағымдар жастарымыздың санаасын улап, өздерінің мудделеріне пайдалануды мақсат етіп алды және қаншама жастар теріс ағымдардың санын арттырыды.

Екіншідең, кері ағымдар жастарымыздың діни сауатсыздығын пайдаланып, алдау, арбау арқылы өздерінің пигылдарын жүзеге асырып, ұтымды пайдаланды. Жастарға діни білімнің мән-мағынасын тусіндіретін әртүрлі көзқарастар мен діни экстремизм идеологияры тарапынан төнетін қауіп-қатерлерді шынайы бағалау қыныңдық туғызып отыр. Жастарымыз психологиялық түрғыдан, білім мен ғылым жағынан оларға қарсы тұрып, төтеп бере алмауда.

Үшіншіден, жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының төмөндігі мен тым жоғарылығы. Кері діни ағымдарға жастардың кетуіне қоғамдасты жұмыссыздық, экономикалық қанағаттанбаушылық ықпал етеді. Кейде керісінше, әл-ауқаты жақсы, түрмиссты отбасылардан шыққан жастар бейім болады.

Төртіншіден, әлем ақпараттану үрдісіне көшкен сәтте, жастардың ғаламтор желілөрі арқылы әртүрлі радикалдық және экстремистік сипаттағы идеялардың ықпалына түсіу үлгіюда. Әлеуметтік желілердегі видеороликтер, теріс идеялар жастардың санасын улауға бет алды.

Міне, осы және басқа да факторларды ескерер болсақ, бүгінгі күнде жастардың діни сауатын көтеру мәсслесінің өзектілігі сөзсіз. Өйткені еліміздің болашағы жастардың бойында қандай дүниетаным қалыптасатындығымен тікелей байланысты.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев: «Қазір кейбір сыртқы құштер жастарымызды ислам дінінің әк жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысада. Мұндай үлттық табиғатымызға жат келенсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек», - деп баса айтқан болатын. Осы орайда КР-да діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен конфессияларлық қарым-қатынастарды үйлестіру бойынша ел аумағында атқарылыш жатқан ілкімді істердің барлығы үкімет назарына ілгіп, бұл жұмыстар

облысымызда да кен көлемде жүзеге асырылып, нәтижелі көрсеткіштерге иск артып, еңір тұрғындарының көңілінен шығып жатқандығы жасырын емес.

Сондықтан жастар - көғамның қозғаушы күші, мемлекеттің болапшагы. Мысалы, 2003 жылғы тәзін дінмен байланыстыратын жастардың үлесі 38% құраган болса, соңғы үш жылдағы зерттеулер бүл қатардағы көрсеткіштің 70%-ға жуықтағанын көрсеткен. Статистикалық мәліметтер бойынша еліміздегі 14 пән 29 жас арасындағы жастардың жалпы үлесі 4,3 млн. жуық адамды құрайды. Облыс бойынша 768 мыңдан астам жастар болса, олардың ішінде 450 мыңға жуық жастарымыз жоғары және арнаулы орта окуорындарының студенттері болып табылады. Ал Оңтүстік Қазақстан облысында 11 ЖОО орны болса, оның ішінде 9 ЖОО Шымкент қаласында орналасқан. Өңірімізде барлығы 66 513 студент жастар білім алуда. Окуордамызда қазіргі сөтте 1000-нан астам академийлік топтар бар. Жастардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында профессорлар мен оқытушылар жастарға жоғары деңгейде дін туралы сабактар еткізу келеді. Студент жастардың бойында патриоттық, діни, саяси сауаттылығын одан эрі қалыптастыру мақсатында университетте 10 бағыт бойынша іс-шаралар үйімдестеріндегі өткізуінде, Сонын ішінде «Экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында университет деңгейінде жартыжылдықта 70-ке жуық іс-шаралар үйімдестерілді. Ал академиялық топтардың барлығында «Экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында тәлімгерлік сабактар арнайы мамандардың қатысуымен өткізіліп жатыр. Өңіріміздің үлттық қауіпсіздігі мен тәртіпті және ағартушылық түсіндірме жұмыстарын жүргізетін билік құрылымдарымен тығыз байланыс жасап, іс-шаралар атқарылып келеді. Үлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура, экімшілік, білім, жастар және тілдерді дамыту басқармасы, ішкі саясат және дін істері басқармасы, құқық қоргау, мешіт имамдары, теолог, дінтанушы мамандар мен қызметкерлер жастардың діни сауаттылығын арттыруды жүйелі түрде білім ордамызбен тығыз, байланыстар орнатқан. Діни тақырыптарға байланысты республикалық және облыстық конференцияларға кафедралардың оқытушы-профессорлар курамы қатысып, біліктіліктерін жетілдіріп келеді. Онлайн жүйесімен осы тақырып аясында ЖОО арасында пікір алмасулар мен кездесулер үйімдестерінің отырып. Студент жастардың сабактан тыс уақыттарын тиімді пайдалануда университетте әр сала бойынша 21 үйірме жұмыс жасайды. Бұл үйірмелердің жүйелі жұмыс атқаруы жастардың теріс діни секталар мен ағымдарға немесе өзге де жаман жолдарға түсіп кетпеуіне ықпалы күшті деп есептейміз. Одан эрі жұмыстарын жаңандырудамыз. Жатақханада жататын студент жастардың кешкі уақыттарын тиімді еткізуіде де оқытушыларымыз белсенділік танытып, жастармен семинар-тренингтер, психология, дінтанушы, саясаттанушы, экономист, т.б. мамандармен және мешіт имамдарымен кездесулерді үйімдестеріруды алға қойған.

Е.Р.БАЙҚОНЫСОВ, М.Әуезов атындағы Оңтүстік  
Казақстан мемлекеттік университеті, «Тәрбие ісі және  
жастар саясаты» департаментіндеги директоры, саяси  
ғылымдардың магистрі